

ПАРА АЛУ

Тасжанов М.Г

405 топ

ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТ

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттік құрылымдардың экономика аясында қылмысты құрылымдармен біте қайнасуы, сондай-ақ мемлекеттегі лауазымды адамдардың, қоғамдық және саяси қайраткерлердің сатылғыштығы, паракорлығы. Өзінің қызметтік мәртебесі мен өкілеттіктерін жеке, топтық және өзге де бейқызметтік мүдделер үшін пайдалану жолымен жеке игіліктерді алу әрекетінен көрініс табады. ҚР Қылмыстық кодексінің өкілеттіктерді теріс пайдалану (228-бап), коммерциялық сатып алу (231-бап), қызмет өкілеттігін теріс пайдалану (307-бап), билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану (308-бап), пара алу (311-бап), қылмыстық жалғандық жасау (314-бап) туралы лауазымдық қылмыс нормалары ең алдымен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес нормалары болып табылады. Қазақстанда сондай-ақ сыбайлас жемқорлық үшін қылмыстық, тәртіптік, әкімшілік жауапкершілікті реттейтін арнайы нормативтік-құқықтық актілер де қабылданды. Оларға “Мемлекеттік қызмет туралы” (1995) және “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” (1998) ҚР заңдары жатады. Сонымен қатар осы саладағы ынтымақтастық туралы халықаралық актілер де бар.

ΚΟΡΜΕΥΜΙΗ

ΕΣΤΙΜΕΥΜΙΗ

1000\$
ΣΟΥΜΕΥΜΙΗ


1000\$

1000\$

1000\$

CARICATURA RU
AMMA

IKAZ.KZ



АНЫҚТАМА

Сыбайлас жемқорлық - мемлекеттік міндеттерді атқаратын адамдардың, сондай-ақ соларға теңестірілген адамдардың лауазымдық өкілеттігін және соған байланысты мүмкіндіктерін пайдалана отырып не мүліктік пайда алу үшін олардың өз өкілеттіктерін өзгеше пайдалануы, жеке өзі немесе делдалдар арқылы заңда көзделмеген мүліктік игіліктер мен артықшылықтар алуы, сол сияқты бұл адамдарға жеке және заңды тұлғалардың аталған игіліктер мен артықшылықтарды құқыққа қарсы беруі арқылы оларды сатып алуы сыбайлас жемқорлық.

ПАРА ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

Пара - пара берушінің немесе оның өкілі болған адамның пайдасына жасаған іс-әрекеті (әрекетсіздігі) үшін ақша, бағалы қағаздар, өзге де мүлік, мүлікке құқығы немесе мүлік сипатындағы өзі немесе басқа адамдар үшін пайда түрінде пара алу (Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 311-бабы).

В. Дальдың сөздігі параны «алым-салық, тарту, сыйлық, сәлемдемелер ... лауазымды тұлғаға қысым жасаудан құтылу үшін сыйлық немесе төлем жасау немесе оны заңсыз істі жасау үшін параға жығу» ретінде белгілейді.

ПАРАНЫ ТАЛАП ЕТУДІҢ КЕЙБІР ЖАНАМА БЕЛГІЛЕРІ

Мүмкін болатын пара туралы әңгіме көбінде астарлы сипатта болады, мәселені ол тек оған ақша немесе қандай да бір қызмет көрсеткен жағдайда ғана шеше алатыны туралы ашық арыздар болмайды.

Әңгіме барысында пара алушы, қандай да болмасын мәселені шешуден бас тарту («бұл заңға қайшы», «менің мұндай мүмкіндігім жоқ») жөнінде мәлімдей отырып, қимылмен немесе ыммен бұл жағдайды басқа жағдайда (басқа уақытта, басқа жерде) талқылауға дайын екенін білдірсе, параның сомасы мен сипаты жарияланбайды; сонымен қатар сәйкес сандар бір бет қағазда, калькуляторда және т.б терілуі мүмкін.

Параны алушы ары қарайғы байланысты мәселенің шешілуіне қатысы жоқ басқа адамға аударуы мүмкін.

ПАРАНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Кез-келген бұйымдар (ақша, бағалы қағаздар, асыл металлдардан жасалған бұйымдар, жылжымайтын мүлік, жер телімдері), қызмет және пайда (емделу, жөндеу жұмыстары, шет елдерге сапар) пара бола алады.

Алайда параның жасырын түрлері де болады, ол адамнан параны талап етушіге немесе оның туыстарына жоқ қарызын төлеуді талап ету, еңбек ақыны төленуімен жалған еңбек келісімен жасасу, лотореядан «кездейсоқ» ұтыс. Жиі пара делдал арқылы беріліп, алынады – тараптардың бірінің қол астындағы қызметкері, бизнес бойынша серіктестері немесе арнайы осы үшін жалданған тұлға.

ЕСІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Адамды сыбайлас жемқорлық,
ауыр немесе аса ауыр қылмыс
жасады деп айыптаумен ұштасқан
жала жабу – үш жылға дейінгі
мерзімге бас бостандығын
шектеуге немесе нақ сол мерзімге
бас бостандығынан айыруға
жазланады.».

(Қазақстан Республикасы
Қылмыс Кодексінің 129-бабы 3-
тармағы)





Параның коммерциялық сатып алушылық ұғымынан айырмашылығы -
коммерциялық сатып алушылық субъектісі болып коммерциялық немесе өзге де
ұйымда басқару міндеттерін атқаратын адам табылады

ПАРА БЕРУ – ҚОҒАМДЫҚ ЗАЛАЛ!

Құқық қорғау органында жұмыс істейтін мемлекеттік қызметкер, жемқорлықпен күрес жүргізуші органға басқа құқық қорғау органына қатысты жемқорлық қылмыс туралы жалған ақпарат беретін болса, құқық қорғау органының қызметкері тәртіп бойынша қызметінен босатылады немесе жемқорлықпен күрес жүргізетін органның ұсынуы бойынша сәйкес функцияларды орындаудан босату жолымен жауапқа тартылады.



«ПАРА БЕРУШІНІҢ ДЕ, ПАРА АЛУШЫНЫҢ ДА ОРНЫ ТОЗАҚ»



ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!